



WARRANTY

Кепілдік

YEARS

2

ЖЫЛ

ҚАБЫРҒАЛЫҚ ҚОССЫРЫҚ-ТУРНИК 1-ДЕ 4 (АУДАРЫСПЕН)

ҚОССЫРЫҚ-ТУРНИК 1-ДЕ 4

ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

TORNEOSPORT.COM



Құрметті сатып алушы!

Бұйымды сатып алғаныңыз құтты болсын!

Қоссырық-турник 1-де 4 заманауи технологиялар мен ойластырылған дизайнды біріктіреді. Бұл жаттығу құрылғысымен жайлы үй жағдайында жаттығу физикалық күй мен жүрек-қантамыр жүйесін жақсартуға көмектеседі.

TORNEO-мен спортпен айналысу сізге ұнайтынына сенімдіміз!



Назар аударыңыз:

Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығып, оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз. Бұл жаттығу құрылғысын тез теңшеп, оны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.



Назар аударыңыз:

Жаттығуды бастамас бұрын толық медициналық тексеруден өту қатаң түрде кеңес беріледі, әсіресе егер жоғары қан қысымына немесе жүрек-қантамыр жүйесіне қатысты ауруларға генетикалық бейімділігіңіз болса, жасыңыз 35-тен асқан болса, темекі шегетін болсаңыз, сізде холестерин деңгейі жоғары болса, артық салмағыңыз болса немесе былтырдан бері тұрақты түрде спортпен айналыспаған болсаңыз.

Егер жаттығу барысында әлсіздік, бас айналу, ендіру немесе ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатыңыз.

Жаттығу құрылғысының сапасы мен толықтығы туралы сұрақтар бойынша мамандандырылған сатушыға хабарласыңыз.

Мазмұны

1.	Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері.....	4
2.	Пайдалануға дайындық.....	5
3.	Техникалық сипаттамалары.....	7

1. Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері



Назар аударыңыз:

Сіз сатып алған жаттығу құрылғысы техникалық бұйым болып табылады.

Жаттығуды бастамас бұрын төмендегі нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Осы ережелерді сақтау жаттығу құрылғысын қызмет мерзімінде қауіпсіз және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаттығу құрылғысының иесі барлық пайдаланушыларды қажетті қауіпсіздік шаралары туралы хабардар етуі керек.

Жаттығу құрылғысын тасымалдау

1. Жаттығу құрылғысын тек зауыттық немесе ұқсас сападағы қаптамда тасымалдау керек.
2. Жаттығу құрылғысын болашақта тасымалдау үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
3. Жаттығу құрылғысын алған кезде оның зауыттық қаптамасы тасымалдау барысында зақымдалмағанын тексеріңіз.
4. Жаттығу құрылғысын тек бөлшектелген күйде тасымалдауға рұқсат етіледі.
5. Жаттығу құрылғысы тасымалдау кезінде жаңбырдан, ылғалдан және басқа да атмосфералық әсерлерден қорғалуы тиіс.

Жаттығу құрылғыларын пайдаланудың жалпы ережелері

1. Жаттығу құрылғысы тек үйде жаттығуға арналған. Жаттығу құрылғысын тек осы нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз.
2. Жаттығу құрылғысының әр жағында кемінде 0,5 м бос орын қалатындай етіп, оны тегіс жерге қойыңыз. Егер жаттығу құрылғысының желдету тесіктері болса, орнату кезінде олардың бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Еден жабынын зақымданудан қорғау үшін арнайы кілемшені төсеуге болады.
3. Жаттығу құрылғысын бөлме жағдайында (+10°C және +35°C аралығындағы температурада, 5%-тен 80%-ке дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта) пайдалану және сақтау керек.

4. Жаттығу құрылғысын шаңды, ылғалды және жазғы орынжайларда, гаражда не су жанында пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Жаттығу құрылғысын аэрозоль не жанғыш газдар шашырайтын жерге жақын қолдануға болмайды.
5. Егер жаттығу құрылғысы жанында 12 жасқа дейінгі балалар, мүмкіндігі шектеулі адамдар немесе үй жануарлары болса, аса сақ болыңыз.
6. Жаттығу құрылғысын салмағы техникалық сипаттамаларда көрсетілген рұқсат етілген салмақ шегінен асатын пайдаланушылардың қолдануына жол бермеңіз.
7. Жаттығу кезінде киімнің, сүлгілердің және т.б. заттардың ұштарын жаттығу құрылғысының қозғалмалы бөлшектеріне тигізбеңіз.
8. Жаттығу құрылғысын қолданған кезде спорттық аяқ киім киіңіз. Жалаң аяқ не табаны жаттығу құрылғысын зақымдауы мүмкін аяқ киіммен жаттығуға болмайды.
9. Жаттығу құрылғысының астына бөгде заттарды қою арқылы оның көлбеу бұрышын өзгертпеңіз.
10. Құрастыру аяқталғанға дейін жаттығу құрылғысын жылжытпаңыз не жинамаңыз.
11. Әр 2 ай сайын жаттығу құрылғысы тораптарының бекітпелерін тексеріп, қатайтып отырыңыз. Оған қоса, жаттығу құрылғысының қозғалатын және үйкелетін тораптарын литий майымен майлауға болады. Егер басқа да ақаулар табылса, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.
12. Жаттығу құрылғысының ішіне ештеңе тықпаңыз. Егер құрылғы ішіне бөгде зат кіріп кетсе, оны абайлап алып тастауға тырысыңыз. Егер оны өз бетіңізше ала алмасаңыз, сервистік қызметке хабарласыңыз.
13. Жаттығу құрылғысының конструкциясын өзгерту және/немесе өндіруші не оның уәкілетті өкілі ұсынбаған қосымшаларды пайдалану кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін.
14. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін жуғыш құралға малынған мақта сулықты қолданыңыз. Жуғыш құралдарды тікелей жаттығу құрылғысына жақпаңыз. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды қолданбаңыз.
15. Құрылғыны әрқашан қауіпсіз ұстаудың бір жолы — зақымдалған және тозған бөлшектердің бар-жоғын уақытылы тексеріп отыру. Егер жаттығу құрылғысында ақаулар табылса, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.
16. Қызмет мерзімі аяқталғанда жаттығу құрылғысын кәдеге жарату қажет. Пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі 7 жылды құрайды. Өнім сапасы, сенімділігі мен қауіпсіздік дәрежесі жоғары болғандықтан, ол ресми түрде белгіленген мерзімнен айтарлықтай ұзақ қызмет етуі мүмкін. Бұл жаттығу құрылғысы тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жабдықты немесе қуат

беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Пайдаланылған қуат беру элементтерін кәдеге жарату үшін еліңіздегі қоқысты қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Бөлшектелген аспаптарды бөлек-бөлек қабылдау пунктіне тапсыру арқылы қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға және экологиялық көметін жерлерге жіберу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ құрылғы жасалған материалдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік талаптары

- Турникті құрастыру, бөлшектеу және орнату бойынша жұмыстарды кемінде 2 адам орындауы керек.
- Едені мен қабырғалары тегіс емес және тұрақсыз бөлмелерде турникті орнатпаңыз.
- Балаларды турникті көтеруден және бекітуден аулақ ұстаңыз.
- Турникті пайдалану алдында келесіні тексеріңіз:
 - конструкция бүтіндігі, турниктің барлық элементтерінің бар болуы;
 - бекітпе бөлшектерде қорғаныш пластик қалпақшалардың бар болуы;
 - турник бекітпесінің орнықтылығы мен беріктігі.
- Пайдалану кезінде мезгіл-мезгіл, айына екі реттен кем емес, жіпарқан негізінде жасалған спорттық құрал-жабдықтардың аспа элементтерінің беріктігін тексеріп, талшықтар үйкелісінің болмауын қамтамасыз ету қажет.




Назар аударыңыз:

Балалардың турникте жаттығуы ересектердің бақылауымен орындалуы керек!

Сақтау ережелері

Турникті жұмыс күйіне орнатқанға дейін оны дайындаушы қаптамасынан шығармай, жабық және құрғақ орынжайда сақтаңыз.

2. Пайдалануға дайындық




Назар аударыңыз:

Баған турникті қабырғаға дұрыс бекіту үшін тілімшенің ортасынан әдейі жылжытады. Баған қабырғаға қарай бойлық жағымен орнатылады!

1-ҚАДАМ

1. Бүйірлік тағандарды қармастырғымен қосыңыз, М8×55 бұрндарын, 8-тығырықты, М8 сомындарын пайдаланыңыз.
2. Кішкентай қоссырық қолсаптарына резеңке ұстағыштарды орналастырыңыз, оларға дөңгелек D=25 бітеуіштерін салыңыз. Қоссырық ұстағыштарының кең шеттеріне дөңгелек D=38 бітеуіштерін салыңыз.
3. Бүйірлік тағандардың шаршы шеттеріне 40×40 шаршы бітеуіштерін орнатыңыз.

Бұран



2-ҚАДАМ

Неопрен ұстағыштарын турник торабына орнатыңыз және шеттеріне D=25 дөңгелек бітеуіштерін орнатыңыз.

1. Турник қолсабының сыртқы бетін сулаңыз.
2. Неопрен ұстағышының ішкі бетін сулаңыз.
3. Қарқынды ілгерілмелі-айналмалы қозғалыстарды пайдаланып, неопрен ұстағышын турниктің қолсабына қойыңыз.

Ескертпе: егер ұстағыш қажетті орынға жетпей тоқтаса, ұстағышты алып, 1–3-қадамдарда көрсетілген қадамдарды қайталау керек.




3-ҚАДАМ

1. Турник торабын бүйірлік тағандардың жинақталған торабына қосыңыз, M8×80 бұрандаларын, 8-тығырықты, M8 сомындарын пайдаланыңыз.
2. Шынтақшаларды M8×55 бұрандалары арқылы бүйірлік тағандарға орнатыңыз.

Бұранда



Бұрандар мен бұрандаларды өлшеуге арналған сызғыш




4-ҚАДАМ

1. Қостабанды қапсырмалар мен бұраншегелерді пайдаланып, арқаны қармастырғы бағанына орнатыңыз.
2. Барлық бұран қосылымдарына сәндік қалпақшаларды салыңыз.



5-ҚАДАМ

1. Қабырғаның алдын ала таңдалған бөлігінде қабырғадағы дюбельдерге арналған тесіктерге арналған орындарды белгілеңіз, белгіленген жерлерде тесіктерді бұрғылаңыз. Дюбельдерді қабырғадағы тесіктерге салыңыз.
2. Шуруптарды пайдаланып бекіту қапсырмаларын орнатыңыз.
3. Соңында турниктің дұрыс жиналғанын және қосылымның қауіпсіз екенін тексеріңіз.



**Назар аударыңыз:**

Қоссырық-турник тек тегіс қабырғаға орнатылады!

**ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

КЕШЕН ТШ 9619–001–80652780–2008 техникалық шарттарына сәйкес келеді және пайдалануға жарамды деп танылды.

Дайындалған күні: «_____» _____ 202__ ж.

Тексерілген күні: «_____» _____ 202__ ж. ТББ мөрі

3. Техникалық сипаттамалары

Турниктің шығып кетуі	440 мм
Турниктің ені	975 мм
Қоссырықтың шығып кетуі	810 мм
Қоссырықтың ені	550 мм
Турникті пайдаланудың кепілдік мерзімі	2 жыл

**Бұйымға кепілдік берілмейді, егер:**

- оны сатып алушы тасымалдау кезінде зақымдап алса;
- осы нұсқаулықта көрсетілген құрастыру, пайдалану және сақтау ережелері сақталмағандар үшін;
- паспортында қапталғаны, техникалық бақылау бөлімі қабылдағаны жайлы белгі болмауы.

Қосымша ақпарат

Сауда белгісі: TORNEO

Модель: қоссырық-турник 1-де 4

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда көрсетілген.

Ресейде жасалған

Импорттаушы және Дайындаушы уәкілеттік берген ұйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар) сақтауыңызды сұраймыз

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей,
бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне,
соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына
өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.